



## БҰЙРЫҚ

*2024 ж. 06. 08*

Астана қаласы

## ПРИКАЗ

№

*4*

город Астана

**«Халықаралық туризм және  
меймандостық университеті»  
коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының жарғысына  
өзгеріс енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағы, 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 177-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы жарғысының 51-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № КГИП-03-КГ/11209 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жарғысына қоса беріліп отырған өзгеріс бекітілсін.

2. Қоғам Басқармасының төрағасы-Ректорының міндетін атқарушы К.А. Аралбекова заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық Қоғамының Жалғыз акционерінің шешімі болып саналсын және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төрағаның  
міндетін атқарушы



Н. Карипбаев



Қазақстан Республикасы  
Туризм және спорт министрлігі  
Туризм индустриясы комитеті  
төрағасының міндетін атқарушының  
2024 жылғы «06» ақпан № 4  
бұйрығына қосымша

**«Халықаралық туризм және меймандостық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысына өзгеріс**

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 378 бұйрығымен бекітілген «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысында:

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – Жалғыз акционер) Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саладағы уәкілетті орган болып табылады.».

**«Халықаралық туризм және  
меймандостық университеті»  
коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының  
Басқарма төрағасы-Ректордың  
міндетін атқарушы**

**А. Аралбекова**